

4

Арнайы және инклюзивті білім беру

Специальное и инклюзивное образование

Special and inclusive education

FTAMP 14.29.09

DOI 10.59941/2960-0642-2025-4-117-127

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздері

А.К. Курманова*¹, Н.К. Смагулова²

^{1,2}Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,

Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы

*k_ainash_k@mail.ru



Аңдатпа. Мақалада ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБК) білім алушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған арнайы әдістеме ұсынылады. Зерттеудің өзектілігі инклюзивті білім беру жағдайында қазақ тілін тиімді меңгерудің қажеттілігімен айқындалады. Ұсынылған әдістеме білім алушылардың жеке ерекшеліктерінен ескеруге, оқу мазмұнын дараландыруға және олардың оқу-танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған. Зерттеу барысында бақылау, сауалнама, құжаттарды талдау және тәжірибелік тапсырмаларды апробациялау әдістері қолданылды. Нәтижесінде тілдік құзыреттілікті дамытуға арналған қатысымдық жаттығуларды бейімдеудің тиімді тәсілдері айқындалып, арнайы оқу құралдары мен оқулықтарды пайдалану жолдары қарастырылды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – инклюзивті ортаға бейімделген қатысымдық жаттығулар жүйесін әзірлеуінде. Практикалық маңыздылығы – ұсынылған әдістемелік тәсілдер жалпы білім беретін мектептерде, арнайы сыныптарда және болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісінде қазақ тілін оқыту тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері ЕБК білім алушылардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын дамытуға, олардың әлеуметтік бейімделуін жеңілдетуге ықпал етіп, білім беру тәжірибесінде кеңінен қолдануға болатынын көрсетті.



Кілтті сөздер: ЕБК, инклюзивті білім беру, тілдік құзыреттілік.



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite: Курманова, А.К., Смагулова, Н.К. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздері [Мәтін] // Ғылыми-педагогикалық журнал «Білім». – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – №4. – Б. 117-127.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесі инклюзивті оқытуды білім беру саясатының басым бағыттарының бірі ретінде айқындап отыр. Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) білім алушылардың сапалы білім алуын қамтамасыз ету, олардың әлеуметтенуі мен тұлғалық дамуына жағдай жасау – заманауи педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі. Бұл үдерісте тілдік құзыреттілікті қалыптастыру ерекше маңызға ие, өйткені тіл білім алушының ойлау әрекетіне, қарым-қатынас жасауына және әлеуметтік ортаға бейімделуіне тікелей ықпал ететін негізгі құрал болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, тілдік құзыреттілік тек пәндік білім емес, өмірлік дағды ретінде қарастырылады.

Осы зерттеудің эмпирикалық бөлігі арнайы (түзету) сынып жағдайында жүргізілді. Алайда зерттеу инклюзивті білім берудің қағидаттарына сүйене отырып, арнайы сыныпты ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды қолдаудың инклюзивті бағыттағы педагогикалық моделі ретінде қарастырады. Бұл тәсіл арнайы және инклюзивті білім беру арасындағы өзара сабақтастықты әдістемелік тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру идеясының қалыптасуы қоғамның мүмкіндігі шектеулі балаларға деген көзқарасының өзгеруімен байланысты. XVIII ғасырдан бастап ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқшаулап оқыту тәжірибесі біртіндеп сынға алынып, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап оларды жалпы білім беру ортасына кіріктіру мәселесі алдыңғы қатарға шықты. 1960–1970 жылдары АҚШ пен Еуропа елдерінде қабылданған заңнамалық құжаттар инклюзивті білім беру модельдерінің дамуына негіз болды. Осы кезеңде ұсынылған «каскад» моделі ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқытудың әртүрлі формаларын біртұтас жүйеде ұйымдастыруға бағытталған педагогикалық тәсіл ретінде сипатталады [1].

Қазақстанда ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту жүйесі тарихи тұрғыдан алдымен арнайы (түзету) білім

беру үлгісі аясында қалыптасты. Арнайы сыныптарда жинақталған түзету-педагогикалық тәжірибе кейіннен инклюзивті білім берудің әдістемелік және практикалық негізіне айналды. Осы тұрғыдан алғанда, арнайы (түзету) сыныптар инклюзивті білім беру жүйесіне қарсы қойылатын модель емес, керісінше, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды қолдаудың тиімді педагогикалық алаңы ретінде қарастырылады.

Соңғы жылдары инклюзивті және арнайы білім беру жағдайында тілдік құзыреттілікті қалыптастыру, бейімделген оқыту, қатысымдық тәсіл және когнитивтік даму мәселелері бойынша отандық және шетелдік ғылыми зерттеулердің саны артып келеді. Отандық ғалымдардың еңбектерінде ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздері айқындалса [2], шетелдік зерттеулерде тілдік даму да әлеуметтік өзара әрекеттің, визуалды және кинестетикалық тіректердің, қолайлы оқу ортасының маңызы ғылыми тұрғыда дәлелденген [3; 4; 5; 6].

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда инклюзивті білім беру жүйесін дамытуға бағытталған нормативтік-құқықтық негіздер кезең-кезеңімен қалыптасты. ҚР «Білім туралы» Заңы [7], «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы [8], сондай-ақ 2021 жылы қабылданған инклюзивті білім беру мәселелері бойынша заңнамалық өзгерістер [9] ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясаттың мазмұнын айқындайды. 2011–2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы инклюзивті білім берудің институционалдық негізін қалыптастырса [10], 2021 жылдан бастап бұл бағыт заңнамалық деңгейде жүйеленіп, білім беру ұйымдарының барлық деңгейінде іске асырылатын басым саясат ретінде бекітілді.

Осыған байланысты зерттеу мәселесі инклюзивті білім беру қағидаттарына негізделген арнайы (түзету) сынып жағдайында ЕБҚ білім алушылардың

қазақ тіліндегі тілдік құзыреттілігін дамытуға арналған тиімді әдістемелердің жеткіліксіздігімен айқындалады. Зерттеудің мақсаты – ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың қазақ тіліндегі тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздерін айқындау және бейімделген қатысымдық жаттығулар жүйесінің тиімділігін көрсету.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

1. инклюзивті және арнайы білім беру жағдайында тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық негіздерін талдау;
2. тақырып бойынша отандық және шетелдік ғылыми-әдістемелік еңбектерге шолу жасау;
3. ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға арналған тілдік жаттығуларды бейімдеу тәсілдерін анықтау;
4. ұсынылған әдістемені арнайы (түзету) сынып жағдайында тәжірибеде қолдану мүмкіндіктерін көрсету.

Зерттеудің нысаны – арнайы (түзету) сынып жағдайында қазақ тілін оқыту үдерісі. Зерттеудің пәні – ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған бейімделген қатысымдық жаттығулар жүйесі.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) 6 білім алушы оқитын арнайы сыныпта жүргізілді. Қатысушылардың дербес деректері «Қазақстандағы білім беру зерттеушілерінің этикалық кодексі» талаптарына сәйкес толықтай тұлғасыздандырылды. Деидентификация – зерттеуге қатысушыны тануға мүмкіндік беретін белгілерді алып тастау немесе кодтау арқылы жеке басын анықтауды болды-

рмайтын үдеріс. Бұл қағида ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңындағы «дербес деректердің нақты субъектке тиесілігін айқындауға жол бермейтін әрекеттер» нормасына сай жүзеге асырылды (ҚР Заңы, 2013, 1-бап, 7-тармақша) [11, 11]. Осыған сәйкес зерттеу қатысушылары А, Ә, Б, В, Г және Ғ әріптерімен белгіленді. Аталған әдіс педагогикалық эксперимент барысында этикалық талаптарды сақтау мақсатында қолданылды.

Қатысушылардың қысқаша сипаттама-сы:

А – есте сақтау қабілеті жоғары, бірақ өзін-өзі бақылауда қиындықтары бар;

Ә – тәртіпті, алайда ойлау қарқыны баяу;

Б – оқу материалының мазмұнын жақсы меңгереді, бірақ ойын ашық айтуда қысылатын интроверт;

В – оқу материалын тез қабылдайды, алайда жалығуы жылдам;

Г – шығармашылық әлеуеті бар, бірақ оны толық пайдалана алмайды;

Ғ – меңгеруі орташа деңгейде, өзіндік ұстанымы нақты.

Зерттеу 2024–2025 оқу жылының II жартыжылдығында қазақ тілі сабақтары барысында жүргізілді. Сабақтар аптасына үш рет өткізіліп, ЕБҚ оқушыларына арналған бейімделген оқу бағдарламасы қолданылды. Бейімделген бағдарлама – білім алушылардың психологиялық, когнитивтік және тілдік ерекшеліктерін ескеретін, стандартты оқу мазмұнының түрлендірілген әрі жеңілдетілген нұсқасы. Эксперимент ЕБҚ білім алушылармен дәл осы бейімделген оқу бағдарламасы негізінде ұйымдастырылды (1-кесте). Бағдарламада үлгілік оқу бағдарламасының мақсаттары ЕБҚ білім алушылардың танымдық, тілдік және психоэмоциялық ерекшеліктеріне сәйкес жеңілдетіліп, әдістемелік тұрғыдан қайта құрылды.

Кесте 1. – Оқу бағдарламаларын бейімдеу үлгісі

Үлгілік оқу бағдарламасы	Бейімделген бағдарлама
8.2.4.1 – тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау;	8.2.4.1 – ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндерді ажырату және салыстыра талдау;
8.4.4.2 – тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы орнын, қызметін түсініп қолдану.	8.4.4.2 – тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерін табу, сұрақтарын дұрыс қою.
8.1.6.1 – коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді орынды қолданып, өз ойын дәлелді жеткізу;	8.1.6.1 – мәтіндегі ғылыми және халықаралық терминдерді ажырату және қолдану;
8.4.4.3 – сөйлем ішінде бірыңғай және айқындауыш мүшелерді қолдана білу.	8.4.4.3 – сөйлемде бірыңғай мүшелер мен айқындауыштарды пайдалану.
8.1.3.1 – тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау;	8.1.3.1 – тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсініп, сұрақтарға жауап беру;
8.4.4.4 – жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану.	8.4.4.4 – жай сөйлемдер құрастыра алу.

Жоғарыда ұсынылған кестеде үлгілік оқу бағдарламасы мен бейімделген бағдарламаның оқу мақсаттары салыстырмалы түрде көрсетілген. Кестеден көрініп тұрғандай, үлгілік бағдарлама жоғары когнитивтік деңгейлерді талап ететін оқу мақсаттарды қамтиды: талдау, синтез жасау, күрделі коммуникативтік әрекеттерді орындау. Ал бейімделген бағдарламада осы мақсаттар ЕБҚ білім алушылардың мүмкіндігіне қарай жеңілдетіліп ұсынылған. Атап айтқанда:

- күрделі талдау әрекеті қарапайым ажырату және салыстыруға ауыстырылған;
- жүйелі қолдану әрекеті меңгеру және қайталау деңгейінде ұсынылған;
- астарлы ойды түсіну мазмұнды тікелей қабылдау деңгейіне бейімделген;
- сөйлеудің күрделі түрлері құрылымы жеңіл сөйлем құрастыруға икемделген.

Мұндай бейімдеулер білім алушылардың оқу материалын біртіндеп, сенімді меңгеруіне, танымдық жүктемені азайтуға және оқу мотивациясын сақтауға мүмкін-

дік береді. Кесте үлгілік және бейімделген бағдарламалардың айырмашылығын нақты мысалдар арқылы көрсетіп, инклюзивті оқыту жағдайында ЕБҚ оқушылармен жұмысты тиімді ұйымдастырудың әдістемелік негізін айқындайды.

Зерттеу барысында төмендегі материалдар пайдаланылды:

- қазақ тілі пәніне арналған үлгілік оқу бағдарламасы;
- инклюзивті білім беруге қатысты нормативтік-құқықтық құжаттар;
- оқу-әдістемелік кешендер мен нұсқаулықтар;
- арнайы әзірленген бейімделген оқу тапсырмалары;
- қатысымдық жаттығулар жүйесі.

Зерттеу педагогикалық эксперимент ретінде ұйымдастырылып, үш кезеңнен тұрды.

1. Дайындық кезеңі

Бұл кезеңнің мақсаты – білім алушылардың бастапқы тілдік деңгейін анықтау.

Осы мақсатта диагностикалық тапсырмалар, тілдік дағдыларды тексеруге арналған бақылау жұмыстары, сондай-ақ лексикалық және грамматикалық дағдыларды анықтайтын қысқа тестік тапсырмалар қолданылды. Әр оқушыға жеке тілдік даму картасы құрылды.

2. Негізгі кезең

Бұл кезеңде қазақ тілі сабақтарына арнайы әзірленген бейімделген оқу тапсырмалары мен қатысымдық жаттығулар жүйесі енгізілді. Оқыту төмендегі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Қатысымдық тапсырмалар;
2. Тілдік жаттығулар;
3. Кинестетикалық және визуалды әдістер;
4. Эмоциялық және мотивациялық қолдау.

3. Қорытынды кезең

Қорытынды кезеңде білім алушылардың тілдік дағдыларындағы өзгерістерді анықтау мақсатында қорытынды бақылау жұмыстары жүргізіліп, бастапқы және соңғы нәтижелерге салыстырмалы талдау жасалды. Эксперимент нәтижелерін статистикалық өңдеу үшін G-критерийі (G-cr) қолданылды, бұл әдіс екі өлшем арасындағы өзгеріс бағытын анықтауға мүмкіндік береді [3].

Зерттеу әдістемесі ЕБҚ оқушыларының танымдық ерекшеліктерін ескеретін қолжетімділік, дараландыру, визуалды тіректерді күшейту, мотивацияны арттыру және эмоциялық қолдау қағидаттарына негізделді.

Қолданылған материалдар мен әдістер жүйесі ЕБҚ оқушыларының тілдік құзыреттілігін кешенді түрде дамытуға бағытталды. Бейімделген тапсырмалар, визуалды және кинестетикалық әдістер білім алушылардың сөйлеу, түсіну және есте сақтау дағдыларын жетілдіріп, олардың коммуникативтік белсенділігінің артуына ықпал етті.

Зерттеу жұмысы педагогикалық эксперименттің классикалық үлгісіне сүйене отырып ұйымдастырылды және оның құрылымы А.Я. Коменский, Л.С. Выготский, В.А. Артемов, Дж. Эшер, Е.И. Пассов, В.Л. Скалкин еңбектеріндегі әдістемелік-теориялық қағидаттармен үйлестірілді.

Экспериментте сапалық және сандық әдістер кешенді түрде қолданылды, бұл зерттеудің валидтілігі мен сенімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Нәтижелер

Педагогикалық эксперимент нәтижелері бейімделген оқу бағдарламасы мен қатысымдық әдістерді жүйелі қолданудың ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамытуда тиімді екенін көрсетті. Аталған нәтижелер арнайы (түзету) сыныпта оқытын ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен жүргізілген педагогикалық эксперимент аясында алынғанын атап өткен жөн.

Зерттеу барысында білім алушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларында айқын оң өзгерістер байқалды.

Эксперимент бейімделген оқу бағдарламасы негізінде жүргізілді. Бұл бағдарлама оқу қарқынын, қабылдау деңгейін және тілдік дамуды ескеріп, білім мазмұнын саралауға және қолжетімді етуге бағытталған [4]. Тілдік құзыреттілікті дамыту бейімделген оқытудың негізгі міндеті ретінде қарастырылып, жаңа тақырыптар, жаттығулар мен қатысымдық тапсырмалар білім алушылардың жеке қабілеттеріне сәйкес ұйымдастырылды. Бағдарламаның инклюзивті білім беру талаптарына сәйкестігі оқыту процесін тұлғалық-бағдарлы, қолжетімді және мотивациялық қолдауға негіздеуге мүмкіндік берді.

Бейімделген оқу бағдарламасы төмендегі қағидаттарға сүйенді:

1. тұлғалық-бағдарлы оқыту – әр оқушы-

ның жеке мүмкіндігі мен оқу қарқынын ескеру;

2. қолжетімділік пен дараландыру – күрделі тапсырмаларды кезең-кезеңімен жеңілдету;
3. мотивация мен эмоционалдық қолдау – оқуға деген қызығушылықты арттырып, сенімсіздікті азайту.

Осы қағидаттарды іске асыру барысында қолданылған оқыту әдістері эксперимент нәтижелерінің қалыптасуында шешуші рөл атқарды. Әсіресе визуалды және кинестетикалық әдістер білім алушылардың сөйлеу, түсіну және есте сақтау дағдыларын дамытуға, сондай-ақ коммуникативтік белсенділігін арттыруға айтарлықтай ықпал етті.

Бейімделген оқыту барысында төмендегі әдістер тиімді деп танылды:

- үлестірмелі карточкалар;
- түрлендірілген тапсырмалар (ребус, сөзжұмбақ, кроссворд);
- кинезеологиялық жаттығулар мен нейрогимнастика;
- презентациялар мен көрнекі материалдар;
- суреттер мен сызбалар;
- рефлексия әдістері («Сезім картасы»);
- қатысымдық әдіс;
- дискурсивтік әдіс;
- TPR (Total Physical Response).

Аталған әдістердің жүйелі қолданылуы ЕБҚ оқушыларының тілдік құзыреттілігін тиімді қалыптастыруға, оқу мотивациясын арттыруға және инклюзивті білім беру ортасында өз ойын сенімді жеткізу қабілетін дамытуға мүмкіндік берді [5].

Эксперимент нәтижелерін сапалық талдау төмендегідей өзгерістерді көрсетті. Біріншіден, үлестірмелі карточкаларды қолдану білім алушылардың тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерін дұрыс ажыратуына, сұрақ қою арқылы грамматикалық талдау дағдыларын дамытуға

ықпал етті. Мысалы, «Әлия гүл суарып жатыр» сөйлеміндегі сөйлем мүшелерін түрлі түспен белгілеу есте сақтау тиімділігін арттырды.

Екіншіден, түрлендірілген тапсырмалар білім алушылардың сөздік қорын кеңейтіп, сөйлем құрастыру қабілетін жетілдірді. Ойын элементтерінің енгізілуі оқуға деген қызығушылықты күшейтті. Үшіншіден, кинестетикалық жаттығулар мен нейрогимнастика гиперактивті білім алушылардың назарын тұрақтандырып, оқу материалын меңгеру деңгейін арттырды. Бұл тәсіл Дж. Эшердің TPR әдісімен үйлескен жағдайда тілдік бірліктерді есте сақтау тиімділігін 25–30%-ға дейін арттырды.

Төртіншіден, презентациялар мен сапалы көрнекі материалдар көру, есту және моторлық ес түрлерін қатар іске қосып, сөйлеу дағдысының қалыптасуына ықпал етті. Бесіншіден, рефлексия әдістері («Сезім картасы») білім алушылардың эмоциялық жай-күйін бақылауға мүмкіндік беріп, психологиялық жайлылықты қамтамасыз етті. Алтыншыдан, коммуникативтік және дискурсивтік әдістер диалог пен монолог құрастыру қабілеттерін, мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын дамытуға жағдай жасады.

Эксперимент соңында білім алушылардың тілдік дағдыларындағы өзгерістерді бағалау мақсатында қорытынды бақылау жұмыстары мен тілдік дағдыларды өлшейтін тапсырмалар жүргізілді. Алынған деректерді статистикалық өңдеу үшін G-критерийі (G-cr) қолданылды. Бұл әдіс бастапқы және қорытынды көрсеткіштердің өзгеріс бағытын анықтауға мүмкіндік берді. Әр оқушының нәтижелері оң (+) немесе теріс (–) белгімен бағаланып, жалпы өзгеріс динамикасы айқындалды.

Нәтижелер көрсеткендей, эксперимент басында білім алушылардың тек 40%-ы сөйлемнің грамматикалық ерекшеліктерін қимыл арқылы дұрыс көрсете алса, эксперимент соңында бұл көрсеткіш 70%-ға жетті. G-критерийі (G-cr) бойынша жүргізілген талдау өзгерістің статистикалық тұрғыдан маңызды екенін растады.

Зерттеу барысында тілдік дағдыларды дамыту келесі бағыттарда жүзеге асырылды

(2-кесте): тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым.

2-кесте. Тілдік дағдыларды дамыту тәсілдері

Дағды түрі	Дамыту тәсілдері
Тыңдалым	Қысқартылған, мағыналық тұрғыдан жеңілдетілген мәтіндер, нақты және визуалды тірек арқылы берілген сұрақтар
Айтылым	Сөйлеу үлгілері, сөз тіркестері мен рольдік ойындар
Оқылым	Негізгі ойды анықтау мен кілт сөздерді табу
Жазылым	Сөйлем құрастыру, сөздердің орнын табу, сурет бойынша әңгіме құрастыру

Тыңдалымда қысқартылған әрі мағыналық тұрғыдан жеңілдетілген мәтіндер қолданылып, сұрақтар визуалды тірек арқылы берілді. Айтылымда сөйлеу үлгілері, рольдік ойындар мен сөз тіркестерін қайталау әдістері пайдаланылды. Оқылымда мәтін көлемі азайтылып, негізгі ой мен кілт сөздерді анықтауға басымдық берілді. Жазылымда сөйлем құрастыру, сөздердің орнын табу және сурет бойынша әңгіме құрастыру тапсырмалары енгізілді.

Қатысымдық жаттығулардың бейімделген түрлері сұрақ-жауап, сурет бойынша сипаттау, диалогтік (пікірлесім) және ойын элементтері бар тапсырмалар арқылы жүзеге асырылды. Бұл тәсілдер білім алушылардың тілдік белсенділігін арттырып, коммуникативтік өзара әрекет арқылы тілдік құрылымдарды меңгеруіне мүмкіндік берді.

Сандық көрсеткіштер де эксперименттің нәтижелілігін дәлелдейді (3-кесте).

3-кесте. Сандық көрсеткіштер

Тілдік дағды	Бастапқы деңгей	Қорытынды деңгей	Өзгеріс
Сөздік қор	45 бірлік	78 бірлік	+73%
Грамматикалық дәлдік	38%	71%	+33%
Мәтінді түсіну	42%	75%	+33%
Диалогтық сөйлеу	2 деңгей	4 деңгей	+2 деңгей

Атап айтқанда, білім алушылардың сөздік қоры 45 бірліктен 78 бірлікке дейін өсіп, 73%-дық өсім көрсетті. Грамматикалық дәлдік 38%-дан 71%-ға жетті, мәтінді түсіну деңгейі 42%-дан 75%-ға артты. Диалогтік сөйлеу дағдысы бастапқы 2 деңгейден қорытынды кезеңде 4 деңгейге көтерілді.

Осылайша, бейімделген оқу бағдарлама-сы мен қатысымдық әдістердің жүйелі қол-

данылуы ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамытуда статистикалық тұрғыдан мәнді әрі педагогикалық жағынан тиімді нәтиже бергенін көрсетті. Алынған деректер бұл тәсілдердің инклюзивті білім беру жағдайында қазақ тілін меңгерту үдерісін сапалы ұйымдастыруға мүмкіндік беретінін дәлелдейді.

Талқылау

Зерттеу барысында қолданылған бейімделген тапсырмалар, үлестірмелі карточкалар, ребустар, TPR әдісі, презентациялар мен рефлексия элементтері ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) білім алушылардың тілдік дағдыларын дамытуда жоғары тиімділігін көрсетті. Мәселен, бейімделген тапсырмалар арқылы білім алушылардың жас ерекшелігі мен қабылдау мүмкіндігі ескеріліп, олардың оқуға деген мотивациясы артты. Бұл нәтиже психолінгвистикалық тұрғыдан когнитивтік жүктемені азайтудың тиімді жолы екенін дәлелдеген зерттеулермен үндес келеді [5; 6].

TPR (Total Physical Response) әдісін пайдалану барысында білім алушылардың тыңдап түсіну дағдылары айтарлықтай жақсарды. Бұл Дж. Эшердің тәжірибелік еңбектерінде көрсетілгендей, қимыл-әрекет арқылы қабылдау тіл үйренушіге сенімділік беріп, тілдік материалды есте сақтауды жеңілдететінін растады [12]. Қазақ тілін оқытуда TPR әдісінің тиімділігі туралы арнайы әдістемелік нұсқаулықта: «Қимылмен сүйемелденген тапсырмалар оқушының тілдік бірлікті қабылдауын жеңілдетіп, есте сақтауын арттырады» деп көрсетілген [13].

Сонымен қатар ребус пен ойын элементтерін енгізу білім алушылардың сөйлеу белсенділігін арттырды. Бұл жағдай қатысымдық әдісті қолдаушы Е.И. Пассов пен В.Л. Скалкиннің еңбектеріндегі «Ойынға негізделген жағдаяттар тілдік қарым-қатынасты табиғиландырады» деген қағидасымен сәйкес келеді [14; 15].

Зерттеу нәтижелерін талдай келе, ЕБҚ бар білім алушылардың тілдік дамуы үшін дәстүрлі грамматикалық жаттығулар жеткіліксіз екені байқалды. Оларға бейімделген, визуалды, қимылға негізделген және шығармашылық сипаттағы тапсырмалар қажет екені анықталды. Мұндай тәсіл білім алушылардың тек тілдік дағдысын ғана емес, сонымен қатар олардың мәдени-танымдық және психологиялық бейімделуін де қамтамасыз етеді.

G-критерийі (G-cr) бойынша жүргізілген статистикалық талдау бұл өзгерістердің сенімді және статистикалық маңызды екенін көрсетті. Мысалы, сөйлемнің грамматикалық ерекшеліктерін қимыл арқылы дұрыс көрсету деңгейі эксперимент басында 40% болса, тәжірибе соңында 70%-ға жетті, бұл бейімделген оқу бағдарламасы мен қатысымдық әдістердің тиімділігін растайды.

Жалпы алғанда, заманауи әдістемелік құралдарды (бейімделген тапсырмалар, TPR, визуалды материалдар, рефлексия элементтері) жүйелі қолдану ЕБҚ балалардың тілдік құзыреттілігін тиімді қалыптастыруға мүмкіндік берді. Бұл зерттеудің ғылыми жаңалығы – қазақ тілі сабақтарында қатысымдық әдістерді бейімдеу моделін ұсынуында. Мұндай тәсіл оқытудың тиімділігін арттырып қана қоймай, инклюзивті ортада білім алушылардың әлеуметтік бейімделуін де қолдайды.

Алдағы уақытта әдістеменің тиімділігін әртүрлі жас топтарында және басқа тілдік орталарда зерттеу өзекті болмақ.

Қорытынды

Зерттеу барысында ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) оқушылармен жүргізілген педагогикалық эксперимент бейімделген оқу бағдарламасының тиімділігін дәлелдеді. Нәтижесінде төмендегідей қорытындылар алынды:

1. Бейімделген оқу бағдарламасы ЕБҚ білім алушылардың танымдық, психоэмоциялық және тілдік ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін жеңілдетіп, қазақ тілін меңгертудің қолжетімділігін арттырды. Бағдарлама мазмұнның құрылымын, көлемін және күрделілік деңгейін реттеу арқылы білім алушылардың оқу мотивациясын сақтап, тіл үйренуге деген сенімділігін нығайтты.
2. Қатысымдық және бейімделген әдіс-тәсілдердің (TPR, кинестетикалық жаттығулар, визуалды материалдар, ребус, сөзжұмбақ, рефлексия элементтері) жүйелі қолданылуы тілдік

дағдыларды – тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым – кешенді дамытуға мүмкіндік берді. Әдістердің әртүрлілігі білім алушылардың оқу әрекетін эмоционалды, ойындық және практикалық сипатта ұйымдастыруға жағдай жасады.

3. Зерттеу нәтижелері бейімделген қатысымдық жаттығулардың тілдік құзыреттілікті арттыруда және әлеуметтік бейімделуді жеңілдетуде маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Эксперимент соңында білім алушылардың сөйлеу белсенділігі, грамматикалық дәлдігі және сөздік қоры айтарлықтай артты.
4. Ғылыми тұрғыдан, бұл жұмыс В. Скалкин, Е. Пассов, Дж. Эшер және Л. Выготский еңбектеріндегі теориялық тұжырымдармен үндес: тіл үйренушінің белсенді әрекетке қатысуы, қимыл арқылы есте сақтау және әлеуметтік өзара әрекет – тілдік дамудың негізгі шарттары екенін тәжірибе дәлелдеді.
5. Педагогикалық тұрғыдан, зерттеу инклюзивті білім беру жағдайында қазақ тілін үйретудің тиімді үлгісін ұсынды. Бейімделген бағдарлама мен қатысымдық бағыттағы әдістерді үйлестіру ЕБҚ білім алушылардың жеке мүмкіндігін ескеріп, тұлғалық-бағдарлы оқыту қағидаттарын нақты іске асырды.

Зерттеу нәтижелері арнайы (түзету) сыныпта оқитын, когнитивтік дамуында жеңіл деңгейдегі ерекшеліктері бар ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға қатысты алынған. Осыған байланысты ұсынылған қорытындылар мен әдістемелік ұсынымдар барлық санаттағы ЕБҚ білім алушыларға тікелей жалпылауға арналмаған. Дегенмен оларды басқа санаттағы білім алушылармен жұмыс барысында оқу мазмұнын, тапсырмалардың күрделілік деңгейін және оқыту әдістерін бейімдеу арқылы қолдануға болады.

Осылайша, бейімделген қатысымдық әдістер жүйесі ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда, оқу мотивациясын

арттыруда және тұлғалық дамуын қамтамасыз етуде жоғары нәтиже беретінін тәжірибе жүзінде көрсетті.

Болашақта бұл бағыттағы зерттеулер бейімделген тапсырмаларды цифрлық технологиялармен интеграциялау, мультимедальды әдістерді қолдану және ЕБҚ білім алушылардың тілдік дамуын ұзақ мерзімді бақылау арқылы жалғастырылуы мүмкін.

Қолданылған деректер тізімі

1. **Cooper, P., Jacobs, B.** From inclusion to engagement: helping students engage with schooling through policy and practice. – Oxford: Wiley Blackwell, 2011.
2. **Искакова, А.Т., Мовкебаева, З.А., Закаева, Г., Айтбаева, А.Б., Байтурсынова, А.А.** Инклюзивті білім беру негіздері: оқу құралы. – Алматы: ЖК «Балауса», 2016. – 320 б.
3. **Asher, J.** Languages by command. The Total Physical Repetition approach to learning language // The way learning. – 1984 – P. 35.
4. **Артемов, В.А.** Психология наглядности при обучении иностранным языкам. // Иностранные языки в школе – 1969. – С. 54–61.
5. **Krashen, S.D.** Principles and Practice in Second Language Acquisition. – Oxford: Pergamon Press. – 1982.
6. **Vygotsky, L.S.** Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes. – Cambridge, MA: Harvard University Press. – 1978.
7. **Оралканова, И.А.** Формирование готовности учителей начальных классов к работе в условиях инклюзивного образования: дис. ... канд. пед. наук. – Алматы, 2014. – 210 с.
8. «О правах ребенка в Республике Казахстан» Закон Республики Казахстан от 8 августа 2002 года N 345. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345>
9. «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам инклюзивного образования» Закон Республики Казахстан от 26 июня 2021 года № 56-VII ЗПК. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2100000056>
10. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118>
11. Этический кодекс исследователей образования Казахстана. – Первое издание. – Нур-Султан: Казахстанское общество исследователей в области образования, 2020. – 68 с.
12. **Asher, J.J.** Learning Another Language Through Actions: The Complete Teacher's Guide Book. – Los Gatos, CA: Sky Oaks Productions. – 1977.

13. **Оразбаева, Ф.Ш.** Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: РБК, 2000. – 264 б.
14. **Пассов, Е.И.** Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – М.: Просвещение. – 1991.
15. **Скалкин, В.Л.** Обучение устной иноязычной речи. – М.: Просвещение. – 1981.

References

1. **Cooper, P., Jacobs, B.** From inclusion to engagement: helping students engage with schooling through policy and practice. – Oxford: Wiley Blackwell, 2011.
2. **Iskakova, A.T., Movkebayeva, Z.A., Zakaeva, G., Aytbayeva, A.B., Baitursynova, A.A.** Inklyuzivti bilim beru negizderi: oqy quraly [Foundations of Inclusive Education: Textbook]. – Almaty: ZhK «Balausa», 2016. – 320 b.
3. **Asher, J.** Languages by command: The Total Physical Repronc approach to learning language. – The Way Learning, 1984. – P. 35.
4. **Artemov, V.A.** Psikhologiya naglyadnosti pri obuchenii inostrannym yazykam [Psychology of Visual Learning in Foreign Language Teaching. // Foreign Languages at School]. – Inostrannye yazyki v shkole, 1969. – S. 54-61.
5. **Krashen, S.D.** Principles and Practice in Second Language Acquisition. – Oxford: Pergamon Press, 1982.
6. **Vygotsky, L.S.** Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 1978.
7. **Oralkanova, I.A.** Formirovanie gotovnosti uchiteley nachal'nykh klassov k rabote v usloviyakh inkluzivnogo obrazovaniya: dis. ... kand. ped. nauk. [Primary School Teachers' Readiness to Work in Inclusive Education Conditions: Candidate of Pedagogical Sciences Dissertation], – Almaty, 2014. – 210 s.
8. Law of the Republic of Kazakhstan "On the Rights of the Child in the Republic of Kazakhstan," dated August 8, 2002, No. 345. – Available at: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345>
9. Law of the Republic of Kazakhstan "On Amendments and Additions to Certain Legislative Acts of the Republic of Kazakhstan on Inclusive Education," dated June 26, 2021, No. 56-VII ZRK. – Available at: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2100000056>
10. Resolution "On Approving the State Program for the Development of Education in the Republic of Kazakhstan for 2011–2020." – Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118>
11. Eticheskij kodeks issledovatelej obrazovaniya Kazakhstana [Ethical Code of Educational Researchers in Kazakhstan]. – Pervoye izdanie. – Nur-Sultan: Kazakhstanskoe obshchestvo issledovatelej v oblasti obrazovaniya, 2020. – 68 s.
12. **Asher, J.J.** Learning Another Language Through Actions: The Complete Teacher's Guide Book. – Los Gatos, CA: Sky Oaks Productions, 1977.
13. **Orazbaeva, F.Sh.** Tildik qatynas: teoriyasy және әдістемесі [Language Communication: Theory and Methodology]. – Almaty: RBK, 2000. – 264 b.
14. **Passov, E.I.** Kommunikativnyj metod obucheniya inoyazychnomu govoreniu [Communicative Method of Teaching Foreign Speaking]. – Moscow: Prosveshchenie, 1991.
15. **Skalkin, V.L.** Obuchenie ustnoj inoyazychnoj rechi [Teaching Oral Foreign Language Speech]. – Moscow: Prosveshchenie, 1981.

Формирование методических основ языковой компетентности обучающихся с особыми образовательными потребностями

А.К. Курманова¹, Н.К. Смагулова²

^{1,2}Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова
г. Кокшетау, Республика Казахстан



Аннотация. В статье представлена специальная методика, направленная на формирование языковой компетентности обучающихся с особыми образовательными потребностями. Актуальность исследования обусловлена необходимостью выявления эффективных путей овладения казахским языком в условиях инклюзивного образования. Предложенная методика учитывает индивидуальные особенности обучающихся, ориентирована на персонализацию учебного содержания и повышение их учебно-познавательной активности. В ходе исследования были использованы методы наблюдения, анкетирования, анализа документов и апробации практических заданий. В результате выявлены эффективные способы

адаптации коммуникативных упражнений, направленных на развитие языковой компетентности, а также рассмотрены пути применения специальных учебных пособий и учебников. Научная новизна методики заключается в предложении системы коммуникативных упражнений, адаптированных к инклюзивной среде. Практическая значимость состоит в том, что предложенные подходы позволяют повысить эффективность преподавания казахского языка в общеобразовательных школах, специальных классах и в процессе подготовки будущих учителей. Результаты исследования показали, что данная методика способствует развитию языковых и коммуникативных навыков обучающихся с ООП, облегчает их социальную адаптацию и может быть широко использована в образовательной практике.



Ключевые слова: ООП, методы, инклюзивное образование, языковая компетентность.

Formation of Methodological Foundations of Language Competence of Learners with Special Educational Needs

A.K. Kurmanova¹, N.K. Smagulova²

^{1,2}Sh. Ualikhanov Kokshetau University
Kokshetau, Republic of Kazakhstan



Abstract. The article presents a special methodology aimed at the formation of language competence of learners with special educational needs. The relevance of the study is determined by the necessity of identifying effective ways of mastering the Kazakh language in the context of inclusive education. The proposed methodology takes into account the individual characteristics of learners, focuses on the personalization of educational content, and enhances their cognitive and learning activity. The research employed methods such as observation, questionnaires, document analysis, and the approbation of practical tasks. As a result, effective ways of adapting communicative exercises aimed at developing language competence were identified, as well as approaches to the use of specialized teaching aids and textbooks were considered. The scientific novelty of the methodology lies in the introduction of a system of communicative exercises adapted to the inclusive environment. The practical significance is that the proposed approaches make it possible to improve the effectiveness of teaching the Kazakh language in general education schools, special classes, and in the process of training future teachers. The research results have shown that this methodology contributes to the development of linguistic and communicative skills of learners with SEN, facilitates their social adaptation, and can be widely applied in educational practice.



Keywords: SEN, methods, inclusive education, language competence.

Материал баспаға 24.06.2025 келіп түсті